

Қ О Ғ А М Д Ы Қ Ғ Ы Л Ы М Д А Р

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ АЩЫ САБАҚТАРЫ ҰМЫТЫЛМАУЫ КЕРЕК *немесе Әбілхайырдың Аңырақайдан әскерін алып кетуінің сыры*

Мұхархан Оразбай

Қазақ ұлтының қансоқталы соңғы ғасырлары, өте ауыр тарихи ащы сабақтарға толы. Егемен күнде, сондай ащы тарихи сабақтарды еске алып, сондай сұмдықтардың қайталанбауын ескеріп жүруіміз керек. Ұлтымыздың ұлағатты ертеңі мен болашақ ұрпақтарға аманат етілетін бүгінгі күн жетістіктері мен ұлтымыздың қастерлі тарихи шындықтарын толық ашып, жан-жақтылы зерттеп беруіміз қажетті.

Біз он жеті жылдан бері, өз тарихымызды өз көзқарастарымызбен зерделеуге бет бұра бастадық. Алайда, бұл жақтағы тындырылған істер өте мардымсыз. Оның себептері де жоқ емес. Ең баста, күні кеше, сатқындық әдебиетімен ауызданып, өзгеге емірене қараған атты беліндей азғын топ, егемен күнде де, сол баяғы ескі тонды аудырып киіп, «ұлтым», «қазағым» деп даурығып жүргендер, шынайы қазақ тарихына басқаша жөн сілтеп, өздерінің тарихи ағаттықтарын жасырып, жауырды жаба тоқып, қалың қауымның көзін көлегейлеудің қамын күйіттегені де жалған емес. Сол себепті, қазақ тарихының бүркеулі беттері тереңдете зерттелмей, сипай қамшылап өту, шынын жасырып тастау, шындыққа тура қараудан жасқаншақтау сыңайы белең беруде. «Жылан шаққан, ала жіпті аттаудан қорқады» дегендей, қазақты орыс билеуіне «өз еркімен қосқан» күндерді «жерден жеті қоян тапқандай» дабыралып айтып, әлемге жар салып, сол заманда аталған ұлтқа қарсы сұмдықтарының нанын жеп, төрден орден алғандар, соны еңбегім еді десіп жүрген азаматтардың, ұлт мүддесі үшін, кешегі айтқанын мүлдемге ұмытып, қазақтың қамқорларына айналып отырғаны, ешкімді ойландырмай ма? Тіпті, сол азаматтардың өз кеудесіндегі ар-ұжданын сыздатпай ма? Мына қоғам, тарихи шындықты жауып тастап, жалғандықты жатқа айтуға көшкен бе? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Тұтас қазақ ұлты аман тұрғанда, жер бетінен қазақ атаулы жойылып кетпегенше, тарихи шындықтар айтылады, жазылады, анықталады, шындық иілгенімен сынып кетуі мүмкін емес..

Біз тарихи зерттеулерге сүйенетін болсақ, қазақтың өте ауыр тағдырға тап болған күндері, соңғы бес ғасырды қамтиды. Соның басы, қазақ даласының берекесіздігінен басталды. Рулар мен жүзге бөлінген қазақ ұлты, сонау жер дауы, жесір дауы, елді шауып барымталау сынды ішкі қайшылықтардың асқынуының салдары, ру аралық алауыздықтардың өрбуі, саяси өмірі де, күллі экономикасы да мал шаруашылығына қатысты болған ұлтымызды, іштей күйреуге бет алдырды. Елдің ынтымағы бұзылып,

берекенің қаймағы бұзылды. Осындай тарихи жағдайды толық пайымдаған, толық мәлімет алған көршілес елдер, қазақ ұлтын өз отарына айналдырудың, елі мен жерін құлданудың тарихи стратегиялық ұзақ жоспарларын құра бастады. Оған іштегі сатқындар да атсалысты.

Солардың бірі Росияның билеушілері болды. Оған қоса, шығыстағы көршілес жатқан Жоңғар хандығы болды. Осы аталған жат пиғылдағы күштер, қазақ ұлтының тарихи жаулары, қазақты тұтасымен өз қол астына қаратып алудың қанды жоспарларын да жасаудан қалыс қалмады. Соның бір мысалы ретінде, біз осы тарихи деректерді сөз етуді жөн санадық. Ащы болса да, шындықты айтып, соны ұғынғанмыз орынды деп қарады.

Қазақ ұлтына қарсы қанды жорықтарды ең алдымен бастатқан Жоңғар хандығы болды. Ол жүз жылға созылған қанды шайқастармен жалғасты. Ал қазақ руларын алдаусыратып, алтын беріп сатып алуды көздеу мақсатындағы жымысқы саясат, сол дәуірдегі Батыс Қазақстан территорияларында басталды. Оны Орыс жаулаушы күштері өте жоспарлы, ұзаққа созылатын құпия саясат ретінде жолға қоя бастады.

Осы аталған екі жақтағы қазақ ұлтының жаулары, қазақ ұлтының ішкі берекесіз алауыздығынан толық пайдаланып, қазақты өз отымен өртеп құртудың зымиян саясатын іске асыруды көздеді. Жоңғарды айдап салып, қазақтың шама-шарқын байқауды мақсат еткен орыс жаулаушы күштері тікелей шабуылға өтпеді, қазақ жеріне баса-көктеп кіре алмады. Олай болатыны, сол кездегі қазақ ұлтының ашық қарсыласқан жауға қарсы, аса жауынгерлігі мен ашық жасалатын шапқыншы күштерге қарсы өліспей-беріспейтін қаһармандыққа басатын аталы рухынан қорыққаны болатын.

Тарихи оқиғаларды көп сараптаған орыс ғалымдарының еңбектері де осыны толық дәлелдеп отыр. Қазақ ұлтына қарсы, он жетінші ғасырдың басында сұрапыл соғыс ашып, Тарбағатайдан тұтас қазақ атаулыны қуғындап, Арқадан асыра жаппай қырғындаған Жоңғар шапқыншылығы ең соңында қазақ жауынгерлерінің қан төккен қайтарма соққысына шыдай алмауы, батыстағы орыс шапқыншыларын қатты ойландырған болатын. Сол себепті, орыстар қазақтың сатқындарын сатып алуды, солар арқылы қазақтың елі мен жерін тартып алуды көздеді.

Бір ғасырға созылған Жоңғарға қарсы соғыста қазақ жауынгерлері елді жерді қоғап қалудың сан түрлі амалдарын жасады. Тұтас қазақ атаулыны біріктірудің қамына кірісті. Қазақ ұлты елу жылдан кейін, тұтас қазақ даласын Жоңғар жаулауынан азат етудің тарихи шешімін жасады. Бұл 1740-жылдардың тұсы болатын. «Күлтөбеге жиналып, күнде жиын ашқан» кез осы кезде болған тарихи оқиғалардың бірі болды. Киелі Түркістанның түбінде басталған тұтас қазақ ұлтының тізе қоса отырып, біріккен әскери қосыны, ата жауға қарсы тұру шайқасы, жеңісті туын жықпай, Жетісу жеріне қарай бет ала берді.

1745-жылы қазан айында Жоңғардың билеушісі Халдан Серен қайтыс болады. Осы тұста, Жоңғар хандығынан үміткерлер арасында талас басталып кетеді. Қазақ хандары бас қосып, осы тұстағы ұтымды жағдайды пайдаланып, шапқыншы күштерге қарсы ойсырата қайтарма соққы берудің қамына кіріседі. Алайда, Ұлы жүз бен Орта жүз хандарының кеңесіне батыстағы кіші жүз ханы

Әбілхайыр келгісі келмей, өз алдына кергиді. Қазақ хандарының кеңесі қайта-қайта шақырылып жатады.

Халдан Сереннің үш ұл, бір қызы болған. Үлкені Лама Доржы, екінші ұлы Суандоржы Намжал, үшінші ұлы Суан Дашы, қызы Ұланбаяр дегендер еді. Осы рет таққа отыратын екінші ұлы Суандоржы Намжал болады. Ол әке тағына әкесінің өсиеті бойынша ие болады. «Суандоржы Намжал Жоңғар билеушісі болғаннан кейін, Манчу елімен байланысын үзбеді. 1746-жылы ол өз елшілерінен Халлуды Пекинге жіберіп, ханға сауға ұсынған, Еженханға өздерінің бағынышты екенін баяндаған болатын. Сол жылы қазан айында тағы да Мамыт деген елшісін жіберіп, Еженханға сәлем берген болатын» («Манжур хандығы Гаузонның нақты істер жөніндегі күнделігі» деген кітаптің 261-томы, 2-бетіне қараңыз). Осыдан кейінгі кезде, Жоңғар хандығы ішіндегі таластар толастамайды. Хандыққа ханның ағасы таласады. Бір реткі ауыр шайқаста, Суандоржы Намжал ханды Тарбағатай жайлауында қолға түсірген Лама Доржы, ханның екі көзін ойып алып, оны нөкерлерімен бірге Ақсу деген жердегі түрмеге қаматады.

Жоңғарлардың ең жоғары билігі «Қоңтайжы» деген атпен Лама Доржының қолына 1749-жылы өтеді. Лама Доржы билікті қолына ала салысымен, Орыс патшасына елші жібереді. Орыстардан қару-жарақ, зеңбіректер сатып алуды, әсіресе, зеңбіректердің жаңа тұрпаттағы соңғы үлгілерін сатып алуды көздейді.

1749-жылы Лама Доржы, қазақтың кіші жүз ханы Әбілқайырға елші жіберіп, оның қызына құда түсетін болады. Екі жағы да осы келісімді қабылдайды, Әбілхайыр мен Лама Доржы құда болады. Хан өз қызын Лама Доржыға беретін болып келіседі, бірақ, арада қызы аурып, соңынан көп өтпей қайтыс болады. Әбілхайыр мен Лама Доржының құдаласу тойын жасау арманы іске аспай қалады. Бұл деректі Златкин Н.Я. жазған «Жоңғар хандығы тарихы» деген кітаптің қытайша 434,435-бетінен оқуға болады.

Осы реткі Әбілхайыр мен Лама Доржының құдаласуды келіскендігі жөніндегі хабар, орыс патшасын қатты састырған көрінеді. Қазақ даласын жымсысқы саясатпен жаулап алу, мәңгі өз уысында ұстау жоспарына кедергі болатын, бұл «құдалықты» орыстар құп көрмеген көрінеді. 1752-жылы Тамыз айында Россияның сол кездегі Орынбордағы губернаторы Неплуиев «өз еркімен бізге қараған кіші жүз еліне кіруіңе жол бермейміз» деп Жоңғар ханына ескертулер жасаған. Сондай-ақ, «Қазақтың орта жүзіне қашып барған Әмірсананы, біз Орынбор арқылы Жоңғардың ең жоғары билеушілігіне тағайындайтын боламыз» деп Лама Доржыны қорқытпақ та болған.

Дәл осы кезде, Жоңғарлардың жаулаушы әскерлерін киелі Түркістан даласынан қуғындап, Жетісу жеріне қарай беттеген қазақ қосыны жеңісті түрде Абылай хан көтерген ақ тудың астына топтасқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қаратілек, Шапырашты Наурызбай т.т. қазақ батырларына, кіші жүз ханы Әбілқайыр көмекке жіберген әскери қосынын, Аңырақайға жібермей, кері қайтарып әкетеді. Ол Лама Доржымен астыртын жасалған келісімнен, «құдаласып» анттасқанынан туындағаны анық байқалады. Әбілқайырдың ұлтты саудалап, елді ойрандаудың қаскүнемдікке толы сұрқиялығы осы тарихи деректен анық

аңғарылады. Біз, тарихи ащы сабақтар ретінде, осындай тарихи оқиғаларды тереңдеп зерттеуді, қазақ ұлтының ұлы мүддесіне сай таразылауды үйренетін кезіміз келді. Ең ауыр күндегі ұлтымызға жасалған қастандық, қазақ ұлтының одан кейінгі ғасырларға созылған ауыр саяси жарақатын салып үлгерді. Бұл ойланарлық тарихи оқиға деп білеміз. Мұндай сорақылықтың қайталанбауына, алдын-ала сақтықпен қарауымыз қажетті.

Өз ұлтымыздың арғы-бергі тарихын саралауда, жақсы жақтарымызды айтумен бірге, тарихи себептер салдарынан туындаған жағымсыз, ащы болса да шындыққа жататын деректерді де ашып айтуға қақылымыз. Қазақта «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген тамаша сөз бар. Біз тарихтағы өз басымыздан өткен опықтарды айтпай, оған баға бермей, кешегімізді ұмытып, келешекке кемелді түрде қадам тастаймыз- деу, күлкілі шаруа. Ащыдан сабақ ала отырып, жақсымызды айта отырып, ертеңге деген ершімді ой тастай алатынымызды есімізден шығармауға тиіспіз.

Кемелді келешекке кетіп бара жатқан елдік сапарда, ұлтымыздың тарихи болмысын аша отырып, өз өзіміз жауапкершілікпен қарауды үйренейік ағайын. Айғайлы ұрандармен, кеудемсоқ надандықпен, бықсық ескі қазақы надан оймен, тар өрісті жершілдікке толы арам пиғылдармен көп шараны тыңғылықты атқара алмай қаламыз. Ғылми түрдегі талдау, тарихи түрдегі тұжырым, ұлттық мүддеге сай пайым, ертеңгі ұрпаққа жауапкер болатын пікірлер ғана, біздің бұдан былайғы ұстанатын ұлттық ой-санамыздың темірқазығы болуы керек.

Ұзақ уақыттық отарланудан туған «бүгежектеген құлдық сана» , мөлтендік пиғылды жоюдың жаңа кезеңі басалды. Көнерген қоғам мен күйреп кеткен заман тудырған күдікшіл, күмәншіл, қорқақтық мінездің өздігінен кусеп, күйрейтін уақыты жетті. Кешегі жымысқы жылан қоғам «ақ қабығын өзі түлетіп, тастайтын» күн жетті. Ұлтымыз үшін шыт жаңа дәуір, тамаша келешек келе жатыр. Сол келешекке кемел білімді азаматтарды осы күннен дайындау, оларға шындықты айтып, шыншылдыққа баулу, ұлтты сүйетін сананы мәңгіге сіңіру-біздің мойнымыздағы кешпейтін парыз, атқармасқа болмайтын борыш.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Он жетінші ғасырдағы моңғолдар тарихы. Пекин, 1957, қытай тілінде.
2. Қытай мұрағаттарындағы Торғауыттар шежіресі. Пекин, Хоһықот баспасы, қытай тілінде, 1956
3. Ратнапқадыл. Жайбан Дида шежіресі. Ұланбатыр, Монғол тілінде, 1964
4. Ажы. Башқұрттар. «Шолпан» журналы, Орынбор, татар тілінде, 1909
5. Златкин И.Я. Русские архинные материялы об Амурана. «Филология и история монгольских народов», М., 1958
6. Златкин И.Я. Русско-Монголские отношения 1607-1636. Сборник документов. М., 1959
7. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). М., 1964

Resume

In the article is examined the history of Kazakhstan by the context of meaning of the independence. Also the period of administration of Abulhair khan is analyzed in the detail by the author.

Резюме

В статье рассмотрено история Казахстана в понятии суверенности. А также более предметно автором статьи анализируются период правления хана Абулхайра.

ÖZET

Bu makalede Kazak halkının tarihi, egemenlik mücadelesi ve bu yolda karşılaştığı zorluklar anlatılmaktadır. Ayrıca Abilhayır Han dönemine de değinilmektedir.

Ұлтшылдық идея- «халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді»

Мұстафа Шоқай